



№4 (261)
СӘУІР
АПРЕЛЬ
2026 ЖЫЛ

АБАЙ UNIVERSITY

АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ



2022 жылдың
тамыз айынан бастап
шығады



Болат ТІЛЕП,
Абай атындағы ҚазҰПУ КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректоры:

Тұлға тәрбиелейтін ұстазды қалыптастырамыз

Қазіргі білім беру жүйесінде ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтық, жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингтердегі орны, цифрландырудың әсері және педагог кадрларды даярлау мәселелері өзекті болып отыр. Мамандар университеттердің тек білім беру емес, ғылыми-зерттеу орталығы ретінде дамуы қажет екенін атап өтеді. Сонымен қатар цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект оқу процесін жана деңгейге көтергенімен, оның шектеулері де бар. Карантин кезеңі қашықтан оқытудың тиімділігі мен кемшіліктерін айқын көрсетті. Білім саласында мұғалімнің тәрбиелік рөлі мен дәстүрлі офлайн оқытудың маңызы да сақталуы тиіс. Ал жастардың шетелде білім алуға ұмтылысы сапалы білімге қол жеткізу және жеке даму мүмкіндіктерін кеңейту қажеттілігімен түсіндіріледі. Осы орайда Абай атындағы ҚазҰПУ КеАҚ Басқарма төрағасы – Ректоры Болат ТІЛЕП білім беру жүйесіндегі қазіргі өзгерістер мен болашақ даму бағыттарын саралап, сұқбат берді.

(Жалғасы 4-5-беттерде)



ҒЫЛЫМ ДЕКАДАСЫ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІ

1-10 сәуір аралығында Абай университетінде «Ғылымдағы цифрлық серпіліс: жасанды интеллект дәуірі» тақырыбы аясында Ғылым декадасы өтті. Ғылым мен білімнің өзара сабақтастығын нығайтуға арналған бұл игі іс-шара жас зерттеушілердің тың жобаларын көпшілікке таныстыруға мүмкіндік берді.

Ғылым онкүндігі барысында 150-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Олардың қатарында халықаралық ғылыми конференциялар, инновациялық жобалар мен стартаптар көрмесі, робототехника жарыстары, ғылыми семинарлар, пәндік олимпиадалар, сондай-ақ отандық жетекші және шетелдік ғалымдардың қатысуымен өткен кездесулер бар.

Онкүндік шеңберінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект бағытындағы өзекті мәселелер қарастырылып, ғылым мен білім

беру үдерістерінің жана тәсілдері талқыланды. Іс-шаралар жас зерттеушілердің ғылыми әлеуетін дамытуға және олардың зерттеу мәдениетін қалыптастыруға бағдарланды. Онымен қоса, Ғылым декадасына Қазақстанның барлық өңірлерінен келген мектеп оқушылары қатысып, өз ғылыми жобаларын таныстырды. Бұл бастама жас буынның ғылымға қызығушылығын арттырып, олардың кәсіби бағдарын айқындауға ықпал етті.

Осы уақыт аралығында түрлі ғылыми-танымдық іс-шаралар мен

конференциялар, атап айтқанда Abai Business Club-тың ашылуы, «Research Lab Day» форматындағы зертханалар таныстырылымы, ғылыми кітапхананың ашық есік күндері және TOP-time семинар сағаттар болып, оған Германия, Ресей Федерациясы және Қытай елдерінен келген ғалымдар қатысты. Сонымен қатар жас ғалымдар мен студенттерге арналған ғылыми олимпиадалар, TED talk форматындағы байқаулар мен ғылыми-интеллектуалдық ойындар ұйымдастырылып, заманауи зерттеу әдістері, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті білім беру және ғылым саласында қолдану бағытында мазмұнды баяндамалар жасалды.

(Жалғасы 3-бетте)



АБАЙ BUSINESS CLUB
АШЫЛДЫ

3-бет



ҚАЗАҚ
МИФОЛОГИЯСЫ –
ТОКИОДА

7-бет



ЕҢЛІК – «АБАЙ АРУЫ»,
БАҒДАТ – «АБАЙ СҰЛТАНЫ»

8-бет



ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САММИТ КӨРМЕСІНЕ ҚОЙЫЛДЫ

Астана қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Өңірлік экологиялық саммиті өз жұмысын бастады. БҰҰ, бір-біріне жақын өңірлік ел басшылары және басқа да халықаралық ұйымдармен бірге ұйымдастырылған диалог алаңы – экожүйелерді, су және жер ресурстарын қорғауға, Орталық Азия өңірінің биоалуантүрлілігін сақтауға бағытталған. Саммит аясында ұйымдастырылған «RES 2026 EXPO» халықаралық көрмесіне Абай университетінің делегациясы арнайы қатысып, ғалымдардың экологиялық тың жобалары жиналғандардың назарына ұсынылды.

Өңірлік экологиялық саммиттің пленарлық отырысына Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Армения, Түрікменстан, Моңғолия және Грузия мемлекеттерінің президенттері қатысып, сөз сөйледі. Сондай-ақ маңызы жағынан ауқымды саммитке БҰҰ мен жетекші халықаралық ұйымдардың (ЕҚҰҰ, ЭҰҰ, ЭЫДҰ, ТМҰ, ШЫҰ, ЕЭК, ИСЕСКО, АӨСШК, т.б.) және қаржы институттарының (АДБ, ЕКҚДБ, Дүние жүзі банкі, Ислам даму банкі) өкілдері де келген.

(Жалғасы 5-бетте)

ВИЦЕ-МИНИСТР АЛМАТЫ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Абай атындағы ҚазҰПУ-да ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Ринатқызы Щеглова Алматы қаласының тұрғындарымен кездесіп, ғылым мен жоғары білім саласын жаңғыртуға бағытталған мәселелер бойынша ашық пікір алмасты. Кездесу шынайы диалог форматында өтті – сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылып, нақты жауаптар берілді.

Вице-министр өз сөзінде еліміздің 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы кезең-кезеңімен іске асып жатқанын атап өтті. Құжат 21 нысаналы индикатор мен 144 нақты іс-шараны қамтиды. «Жоғары білім мен ғылым – елдің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын негізгі күш. Біз білім беру жүйесін еңбек нарығының нақты сұранысына сәйкестендіріп, ғылыми әлеуетті нығайтуға басымдық беріп келеміз», – деді Динара Ринатқызы.

Вице-министрдің айтуынша, қазіргі таңда елімізде 122 жоғары оқу орны жұмыс істейді, 724 мыңнан



астам студент білім алуға. Биылғы 2025-2026 оқу жылында 93 232 грант бөлінген, оның ішінде бакалавриатқа 77 мыңнан астам, магистратураға 13 мыңнан астам, докторантураға 2919 грант қарастырылған. Педагогикалық және әлеуметтік ғылымдарға 300 сараланған грант бөлінді. Шәкіртақы мөлшері бакалавриатта екі есеге, магистратура мен докторантурада 1,75 есеге өсті.

Педагогикалық және әлеуметтік ғылымдар үшін сараланған гранттар енгізіліп, өндірістік компаниялармен бірлескен «индустриялық PhD» бағдарламасы қолға алынды.

Динара Ринатқызы Мемлекет басшысының жоғары білімді қаржыландырудың жаңа моделін енгізу жөніндегі тапсырмасы аясында тиісті жұмыс жүргізіліп жатқанын және оның 2029 жылға дейін ке-

зең-кезеңімен енгізілетінін жеткізді. Бұл модель университеттердің рейтингі мен бағдарламаларының сапасын ескеріп, мемлекеттік тапсырысты әділетті бөлуге мүмкіндік бермек.

Кездесу барысында кадр даярлау мәселесіне ерекше назар аударылды. Ауқымды сауалнама нәтижесіне сәйкес, алдағы жылдары елге 400 мыңнан астам маман қажет, оның 45 пайызы – жоғары білімді кадрлар. Осыған байланысты «Мамандық – болашағым» жобасы іске қосылып, өңірлік еңбек нарығына қажетті мамандықтардың жаңа картасы әзірленді. Инженерлік білім берудің ұлттық моделі қайта қаралып, пәнаралық бағдарламалар, студенттердің ерте кәсіби сертификат алуы және жасанды интеллект бағытындағы жаңа мамандықтар енгізу жоспарда бар.

«Технологиялық өзгерістер өте жылдам. Сондықтан білім беру бағдарламалары осы қарқынға сай болып, студенттерге заманауи құзыреттер беруі қажет», – деп атап өтті Динара Ринатқызы.

(Жалғасы 2-бетте)

TIMES HIGHER EDUCATION ҚАТЫСУЫМЕН ӨТКЕН СЕССИЯЛАР

Абай университетінің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Times Higher Education (THE) компаниясымен бірлескен жұмыс сессиялары өтті. 2004 жылдан бері әлемдік жоғары оқу орындарының қызметін бағалап келе жатқан британдық агенттік университеттің стратегиялық дамуы мен көрсеткіштеріне кешенді сараптама жүргізді. THE әдістемесі академиялық жетістіктермен қатар, университеттің ғылымға, экономикаға және қоғамға тигізетін нақты әсерін өлшеуге негізделген.



Абай университетіне арнайы сапармен келген THE компаниясының бас кеңесшісі Эми Роуз THE World University Rankings 2026 рейтингіндегі оқу орданың позицияларына қатысты терендетілген симуляциялық талдауын таныстырды. Баяндамада қарашаңырақтың қазіргі әлеуеті мен халықаралық бенчмаркинг нәтижелері егжей-тегжейлі қарастырылып, дамудың басым бағыттары айқындалды. Университет басшылығы мен академиялық орта қатысқан алғашқы сессияда проректор Бану Нарбекова бұл қарашаңырақтың оқу орнының стратегиялық амбицияларына толық сәйкес келетінін жеткізді. Уоркшоп барысында қатысушылар оқыту сапасы, ғылыми зерттеулердің пәрменділігі мен интернационализация көрсеткіштері бойынша тиімді кері байланыс алып, негізгі тиімділік индикаторларын (KPI) талқылады.

Жұмыс сессиясының келесі кезеңі факультет декандары, ғылым және академиялық мәселелер департаментінің өкілдерінен құралған фокус-топпен жалғасты. Бұл бөлімде оқытушылар құрамы мен студенттер санының арақатынасы, PhD бағдарламаларының тиімділігі, ғылыми жарияланымдардың са-

пасы мен дәйексөзге ие болу деңгейі секілді метрикалар сарапталды. Сондай-ақ шетелдік мамандарды тарту, халықаралық авторлармен бірлескен зерттеулер жүргізу және университеттің академиялық беделін әлемдік деңгейде нығайту мәселелері көтерілді. Эми Роуз THE WUR әдістемесіндегі әрбір көрсеткіштің, соның ішінде өндірістен түсетін табыс пен патенттік белсенділіктің маңызын түсіндіретін оқытушылардың күнделікті қызметі мен ғылыми жетістіктерінің рейтингтік ұпайларға қалай әсер ететінін түсіндіріп берді.

Үшінші сессияда басты назар индустриямен байланыс пен интернационализацияға аударылып, құрылымдық бөлім басшыларынан құралған екінші фокус-группа халықаралық танымалдылықты арттырудың жолдарын қарастырды. Сарапшы университет пен жұмыс берушілер арасындағы серіктестіктің қазіргі жай-күйі бойынша сұрақтарын қойып, келергілерді жою мен мүмкіндіктерді ұлғайту бойын-

ша нақты ұсыныстар жасады. Сонымен қатар академиялық емес деңгейдегі серіктестіктер мен халықаралық имиджді қалыптастыру бастамалары да университеттің стратегиялық мақсаттарына жетудегі шешуші факторлар ретінде аталды.

Бұл жұмыс сапары – Абай университеті мен Times Higher Education арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың бастапқы кезеңі. Ары қарай бекітілген келісім аясында осы сессиялардың нәтижесімен жоспарлау жұмыстары жүргізіледі. Жобаның қорытынды кезеңінде университетті трансформациялаудың он жылдық стратегиясы мен оны жүзеге асырудың жол картасы әзірленеді. Бұл жүйелі жұмыстар оқу орнының халықаралық рейтингтегі позициясын нығайтуға және білім беру мен ғылыми қызметті жаһандық стандарттарға сәйкес жаңғыртуға бағытталған.

Айзере ШЫНАТ

Вице-министр Алматы түрғындарымен кездесті

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстанда жоғары білімді интернационалдандыру жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Шетелдік университеттермен стратегиялық әріптестік кеңейіп, олардың филиалдарын ашу қарқынды дамып отыр. Қазіргі таңда 40 әріптестік іске қосылып, оның 33-і филиал, франшиза және бірлескен бағдарламалар форматында жүзеге асқан. Филиалдарда 9 мыңға жуық студент білім алып, 1200-ден астам оқытушы қызмет етеді. 2025 жылы бірқатар шетелдік университеттердің жаңа филиалдары ашылды.

Студенттердің жатақхана мәселесі де шешімін тауып, соңғы жылдары 314 жатақхана пайдалануға беріліп, 72 мыңнан астам орын қосылған. Алматыдан басқа барлық өңірде жатақхана тапшылығы жойылды.

Ғылым саласындағы өзгерістер де көңіл қуантады. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылданған соң ғылыми қаржыландыру 42 пайызға өсті, жас ғалымдардың жалақысы бірнеше рет артып, 656 жас зерттеуші баспанаға ие болды. Бес университет зерттеу университеті мәртебесін иеленген. Ғылыми жобалардың 36,4 пайызы өндіріске енгізіліп, бюджетке 11,5 млрд теңге салық түсірген және 2500-ден астам жаңа жұмыс орны ашылған. Осы орайда вице-министр ғылымға бағытталған әрбір қаражат

елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Кездесуде цифрлық трансформация мәселесі де кеңінен талқыланды. «AI-Sana» бағдарламасы аясында жүздеген мың студент жасанды интеллект негіздерін меңгерген. «AI-Sana» бағдарламасымен қатар Huawei Technologies Kazakhstan, Coursera, NVIDIA, Binance Kazakhstan, OpenAI сынды әлемдік компаниялармен тығыз ынтымақтастық орнатылды. 671 мыңнан астам студент ЖИ негіздерін меңгеріп, 80 жоғары оқу орнында 308 жасанды интеллект агенті енгізілген. Huawei компаниясымен 48 университетте Huawei ICT Academy құрылды, NVIDIA-ның DLI жобасына 12 жоғары оқу орны қатысуда. OpenAI-дың ChatGPT Edu сервисі арқылы профессор-оқытушылар құрамына 62 800 лицензия бөлінді.

Мемлекеттік тілдің ғылым тілі ретіндегі рөлі де назардан тыс қалмады. Қазақ тіліндегі ғылыми контентті арттыру, терминологияны жетілдіру және тілдік цифрландыру бағытындағы жұмыстар жалғасады.

Іс-шара соңында қатысушылар өз сұрақтарын қойып, гранттарға қолжетімділік, жас ғалымдарды қолдау, білім беру жүйесін цифрлық форматқа көшіру мәселелері бойынша ұсыныстарын білдірді. Әрбір өтініш жеке қаралып, азаматтарды жеке қабылдау ұйымдастырылды.

Бифат ЕЛТАЕВА

Құттықтаймыз!



Айнұр Сабитова «Парасат» орденімен марапатталды

Ғылым қызметкерлері күніне орай Алматыда ел дамуына үлес қосқан ғалымдар мен зерттеушілер марапатталды. Қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов Абай университеті Сорбонна-Қазақстан институтының директоры Айнұр Сабитоваға «Парасат» орденін табыстады. Бұл мемлекеттік награда жоғары

білім мен заң ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан үшін берілді.

Айта кетейік, Айнұр Сабитова – Сорбонна-Қазақстан институтының директоры, халықаралық құқық саласының білікті маманы, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары.

СУМГАИТ УНИВЕРСИТЕТІМЕН МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Абай университетінде Әзірбайжанның Сумгаит мемлекеттік университетінің өкілдерімен кездесу өтіп, екіжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл кездесу – екі университет арасында бірлескен білім беру бағдарламасын іске қосуды және студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлық бойынша тәжірибе алмасуын көздейді.

Бұл кездесу Қазақстан мен Әзірбайжан жоғары оқу орындары ректорларының II форумы аясында ұйымдастырылып отыр. 6 сәуір күні Алматы

қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Әзербайжан Республикасының Ғылым және білім министрі Эмин Амуллаев қатысуымен екі мемлекеттің университет басшылары мен салалық ведомстволар өкілдері бас қосқан болатын. Форумда мемлекетаралық жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамытуға қатысты өзекті мәселелер талқыланып, әріптестік байланысты кеңейту жобалары ұсынылған.

Форум аясында Абай атындағы ҚазҰПУ-ға Сумгаит мемлекеттік университетінің өкілдері арнайы келді. Тараптар жоғары білім беру жүйесінде екі университеттің оқытушылары мен студенттерінің академиялық ұтқырлық

Қысқа-нұсқа

Абай университетінде «Жастар арасындағы суицидтің алдын алу: тәуекел факторлары мен қорғаныс механизмдері» тақырыбында мазмұны терең профилактикалық семинар өтті. Бұл іс-шара жастардың психологиялық сауаттылығын арттырып, суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған. Студенттерге республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталықтың психологиялық зертхана меңгерушісі Жұлдызай Алиева қоғам үшін бұл мәселенің аса маңызды екеніне назар аударды.

10-11 сәуірде Бейжің қаласында (КХР) China Study Abroad Forum (CSAF) халықаралық форумы және China International Education Exhibition Tour (CIEET) білім беру көрмесі болып өтті. Ашылу салтанатына ҚХР Білім министрлігінің өкілдері, ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, сондай-ақ Абай университетінің Академиялық қызмет жөніндегі проректоры Бану Нарбекова мен Білім беру бағдарламаларын талдау департаментінің директоры Нұржамал Ошанова және Қазақстанның ЖОО-лары қатысты. Көрме аясында қазақстандық жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларын таныстырып, академиялық ұтқырлықты дамыту, бірлескен білім беру жобалары мен ғылыми ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Аталған іс-шара шетелдік студенттерді Қазақстанға тарту мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді.

Абай университетіне жасыл экономика, климат және баламалы энергия саласындағы халықаралық сарапшы, Нобель сыйлығының лауреаты Рае Квон Чунг арнайы келді. Белгілі ғалым оқу орнының жаратылыстану және экологиялық бағыттағы ғылыми жобаларымен танысып, университет басшылығымен кездесті.

Ғылым декадасы аясында Жаратылыстану және география факультетінде «Химия көктемі» фестивалі өтті. Факультет студенттері зертханалық халаттарын өткен ғасырдың сәнді смокингі мен қауырсынды көйлегіне алмастырып, химия ғылымы мен «Ұлы Гэтсби» эстетикасын ұштастырған шоу ұсынды.

Абай университетінде «Бастауыш білім беру» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Амина Амированың «Жасанды интеллект дәуіріне қадам: ЖОО тәжірибесі мен бастауыш білім берудің интеграциясы» атты шеберлік сыныбын өткізді. Іс-шараға студенттермен қатар, еліміздің әр түрлі университет және колледж оқытушылары, бастауыш сынып мұғалімдері қатысты.

Жаратылыстану және география факультетінде танымал оқулық авторлары, білікті ғалым-педагогтер Андрей Абулғазиев пен Гүлмира Бердіғұлованың 60 жылдық мерейтойына арналған «Тағылымды тағдыр – ұлағатты ұстаз» атты кездесу өтті. Саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған майталман мамандардың еңбегі еленіп, олардың ғылым мен білімдегі өнегелі жолы кеңінен дәріптелді.

бойынша тәжірибе алмасу жолдарын талқылады. Сондай-ақ, білім алушылар үшін жазғы мектеп, қонақ дәрісі және бірлескен бағдарламалар дайындау бойынша ойлар ортаға салынды.

Кездесуде университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп және Әзірбайжанның Сумгаит мемлекеттік университеті ректорының м.а. Аминаға Садигов ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл меморандум – екі жоғары оқу орындары арасындағы академиялық және ғылыми ынтымақтастықты кеңейтіп, бірлескен білім беру бағдарламаларын дамытуға бағытталған.

Б. ЕЛТАЕВА

ҒЫЛЫМ ДЕКАДАСЫ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІ

(Басы 1-бетте)

Шара барысында университет студенттерінің және әр өңірден келген мектеп оқушыларының ғылыми жобалары көрмеге қойылды. Оның ішінде «Ғылыми жобалар және білім көрмесі», «Органикалық тыңайтқыштарды өңдеу бойынша мектеп оқушыларының ғылыми жобалары», «Инновациялық жобалар мен стартаптар көрмесі», сондай-ақ «Мектеп – ЖОО ғылым және білім беру ынтымақтастығы: оқушылар мен студенттердің ғылыми зерттеу жобалары» атты ғылыми-білім беру көрмелері көпшілік назарына ұсынылды.

Көрмеде жасанды интеллектке негізделген түрлі жобалар, мектеп оқушыларына арналған Web-AI интеллектуалды ақпараттық жүйесі таныстырылды. Мәселен, Ақмола облысы Бурабай ауданы №9 мектеп-гимназиясының оқушылары жылқы сүйегінен алынатын коллаген, саумалдан дайындалған балмұздақ, солақай балаларға арналған емен ағашынан жасалған арнайы қаламсап және аллергияға қарсы спрей сынды тың жобаларын ұсынды. Ал университет студенттері химия пәнін қызықты әрі қолжетімді үйретуге арналған «Хемофобия» атты қазақ тіліндегі алғашқы үстел ойынын таныстырды.

Шара барысында университет ректоры мектеп оқушылары мен студенттердің ғылыми жобаларымен танысып, олардың тың идеялары мен ізденістеріне оң бағасын берді.

Осы іс-шара аясында Ғылыми



кітапханада ашық есік күні өткізіліп, ғалым әйелдердің кітап көрмесі ұйымдастырылды. Айта кетейік, Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметіне сәйкес ғылым саласындағы мамандардың 51,6 пайызы әйелдер қауымы. Яғни, қазіргі таңда нәзік жандылардың ғылыми зерттеу кеңістігінде белсенді әрі ауқымды қатысушыға айналып отыр. Ал, Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушы-профессорлар құрамының 68,5 пайызы әйелдер. Оның ішінде 75,5% ғылым кандидаттары, 74,5% философия докторы (PhD). Соңғы кезде Абай университетінде ғалым әйелдердің ғылыми жобаларға, зерттеулерге қатысудағы үлесі жоғарылаған. Мәселен, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру, бағдарла-

малы нысаналы қаржыландыру, жас ғалым жобалары бойынша жалпы саны 32 жоба болса, соның ішінде 17 жоба жетекшісі зерттеуші әйелдер. Ал жоба орындаушылары жалпы 175 ғалым болса, оның ішінде 106-сы әйел (60,57%) азаматтар екен.

Ғылым декадасы барысында жоғары оқу орны мен білім беру ұйымдары арасындағы әріптестікті нығайту мақсатында меморандумдарға қол қою рәсімі өтті. Атап айтқанда, «SDL School» мектеп-интернаты мекемесімен, «Mugalm» қоғамдық бірлестігімен және қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығымен Абай университеті өзара ынтымақтастық туралы келісім жасасты.

10 сәуір күні Ғылым қызметкерлері

күніне орайластырылған ауқымды ғылыми іс-шарада онкүндіктің қорытындысы шығарылып, алдағы даму бағыттар айқындалды.

Салтанатты жабылу рәсімінде университеттің Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп сөз сөйлеп, Ғылым декадасының мазмұндық деңгейіне жоғары баға берді. Ректор өз сөзінде онкүндік аясында ғылым мен білімнің, инновация мен шығармашылықтың өзара байланысын айқындайтын кешенді жұмыстар жүзеге асырылғанын алға тартты.

– Бүгін біз бәріміз үшін маңызы зор, мазмұны бай, тағылымы терең онкүндіктің қорытындысында бас қосып отырмыз. Декада барысы тек іс-шаралар жиынтығымен шектелмей, болашақ ғылымның іргетасын қалауға

бағытталған жүйелі жұмысты ұсынды. Онкүндік аясында мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы байланысты нығайтуға көзделген ғылыми жобалар көрмесі, білім беру аландары, стартаптар мен инновациялық бастамалар ұйымдастырылды. Бұл – ғылымға бет бұрған жас буынның нақты жетістіктері. Биылғы декаданың басты ерекшелігі – цифрландыру мен жасанды интеллект тақырыптарының кеңінен қамтылуы. Аталған бағыттарда мазмұнды пікір алмасулар жүргізіліп, университетіміздің уақыт талабына сай дамып келе жатқаны байқалды», – деді Болат Анапияұлы.

Жабылу салтанатында ғылымды дамытуға елеулі үлес қосқан университет оқытушылары мен қызметкерлеріне марапаттар табыс етілді. Тіл саясатын дамытуға ерекше үлес қосқаны және тілдерді дамыту саласын жетілдіруге белсенді атсалысқаны үшін «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі берілді. Олардың қатарында Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының аға оқытушысы Элеонора Кансейтова мен Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Бибігүл Абеннова бар.

Сонымен қатар, ғылымда үздік көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін бірнеше қызметкер ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылым үздігі» құрмет дипломымен, «Құрмет» грамотасы және Алғыс хатымен атап өтілді.

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ



Abai Business Club ашылды

Абай университетінде Abai Business Club-тың ресми ашылуы өтті. Бұл бастама университет қабырғасындағы ғылымды коммерцияландыруды жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Іс-шараға бизнес және инновация саласының өкілдері, стартап байқауларының жеңімпаздары, жас кәсіпкерлер мен университет қауымдастығы қатысты.

Бизнес клубтың ашылуына орай «Стартап: идеядан нарыққа дейінгі жол» тақырыбында стратегиялық сессиясы ұйымдастырылды. Мұнда тәжірибе алмасуға қолайлы экожүйе қалыптастыру және жобаларды нарыққа жедел шығарудың нақты тетіктері талқыланды. Сарапшылар стартап жобаларды қолдау – қаржыландыру көздерін тарту және нарық талаптарына бейімдеу жолдарын ортаға салды. Мәселен, Abai Fresh сусындары өткен жылы сынақтан өтіп, бүгінгі күні нарыққа шығуға дайын. Құрамы табиғи дәрумендерге бай сусынның басты артықшылығы – қолжетімді баға мен сапаның үйлесімі. Идея авторлары алдағы уақытта өнімді білім беру ұйымдарында сатылымға қойып, одан кейін нарыққа шығаруды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар «Smart балалар асханасы» жобасы дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруға бағытталса, органикалық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы биогаз өндіру – экологиялық мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік

береді. Ал «Бірлік шеберханасы» – инклюзивті білім беру мен әлеуметтік бейімдеуді ұштастырып, қоғамдағы маңызды бағытты қамтиды.

Сараптамалық бөлімде Startup бизнес-инкубаторының директоры Владимир Попов «Студент пен оқытушыға стартаппен айналысу не үшін қажет?» тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, жастарға арналған мемлекеттік қолдау тетіктері туралы айтты. Стартапты іске асыру кезеңдерін және тиімді командалық жұмыстың маңызын нақты мысалдармен түсіндірді. Қазақстанның бизнес-инкубаторлар мен акселераторлар қауымдастығының бірінші вице-президенті Ерболат Оразбекұлы жас кәсіпкерлерге стратегиялық ойлау, тәуекелге бару және нарықта дұрыс бағдар алу жөнінде тәжірибелік кеңестерін ұсынды.

Абай университетінің Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Ертай Сұлтан бірлескен жобалар төңірегіндегі сараптамалық пікірлерді ескере отырып, алдағы уақытта жан-жақты дамыту жұмыстары жүргізілетінін жеткізді.

Abai Business Club-тың тұсаукесері университет ішіндегі кәсіпкерлік экожүйені жүйелі түрде дамытуға бағытталған маңызды қадам. Бұл – идеядан бастап дайын өнімге дейінгі жолды қысқартуға, жас стартапшылардың әлеуетін ашуға және оларды нақты нарық талаптарына бейімдеуге арналған мүмкіндік аланы.

Айтолқын АРҒЫНОВА

АУТИЗМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ КҮНІНЕ ОРАЙ

2 сәуір – Дүниежүзілік аутизм туралы ақпараттандыру күніне орай Абай университетінде маңызды іс-шара өтті. Арнайы педагогика кафедрасы мен Алматы қаласының №7 Оқушылар үйі қосымша инклюзивті білім беру бөлімінің мамандары қоғамның назарын аутизм мәселесіне аударды. Бұл акция – оқытушылар мен тәжірибелі мамандарды жұмылдыра отырып, Қазақстанда кедергісіз инклюзивті ортаны құруға үлес қосуды көздейді.

Іс-шара нетворкинг форматында болып, екі тақырыптық интерактив станция қойылды. Оның бірі «Қолдау спектрі: АСБ туралы мифтер мен фактілер» станциясында аутизм ерекшеліктеріне қарай Қазақстан мен дүниежүзіндегі таралу

статистикасын көрсетті. Мұнда ұйымдастырушылар аутизм туралы сұрақтар қойып, жұртшылыққа танымдық ойындар ұйымдастырды. «Миф немесе факт» интерактив ойыны аутизм төңірегінде қалыптасқан жаңсақ түсініктерді сейілтп, ойынға қатысқандарға тәтті сыйлықтар таратылды.

Ал екінші «Қолдау спектрі: АВА және ТЕАССН әдістері» станциясында заманауи ғылыми тәсілдер таныстырылды. №7 Оқушылар үйінің тәжірибелі мамандары қолданбалы мінез-құлық талдауы (АВА) принциптеріне және ТЕАССН бағдарламасы бойынша құрылымдық оқытудың ерекшеліктеріне тоқталды. Көрмедегі арнайы ойыншықтар, дамытушы құралдар мен әдістемелік кітаптар жиналған қауымның қызығушылығын тудырып, ерекше балалардың әлемді қабылдау жолдарына тереңірек үнілуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар іс-шара аясында қоғамның АСБ туралы қаншалықты хабардан екенін бағалау үшін экспресс-сұхбаттар өткізіліп, аутизмнің табиғаты, мифтер мен фактілер, бала дамуын ынталандыру әдістері жазылған ақпараттық жадынамалар таратылды.

Ақпараттық акцияда қоғамның бірлігі мен мейірімділігі насихаттау мақсатында «Қолдау қабырғасы» орнатылды. Студенттер мен оқытушылар «АСБ бар баланың анасы – нағыз батыр!», «Құрметті ата-ана, баланың үшін жасап жатқан еңбегіңізге рақмет!», «Аутизм – үкім емес» деген сияқты қолдау пікірлер жазып қалдырды.

Осындай бастамалар қоғамдағы әрбір жанның қадір-қасиеті мен даралығы құрметтелетін нағыз инклюзивті қоғам қалыптастыруға септігін тигізеді анық.

Айзере ШЫНАТ

ӨҢІРЛІК МЕКТЕПТЕРМЕН МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Ғылым онкүндігінің аясында Алматы және Түркістан облыстарының мектептерімен меморандумға қол қойылды. Ынтымақтастық туралы келісім білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге, білім беру жүйесінің сапасын арттыруға мол септігін тигізеді.

Кездесу барысында Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Академиялық қызмет жөніндегі проректоры Бану Нарбекова университет үшін мектеппен ынтымақтастықтың маңыздылығын алға тартып, білім сапасы, ғылыми зерттеу жұмыстарын бірлесіп атқару туралы сөз қозғады. Педагогика саласын дамытуға

бағытталған бірнеше ұсыныстарды ортаға салды.

Екіжақты ынтымақтастық туралы келісімге Д.Қонаев атындағы орта мектеп директоры Дилшад Нуржанова, Қалжат орта мектебінің директоры Дилмурат Балалов, Тәукехан атындағы ЖББМ директоры Камар Жамалбекова қатысты. Олар бірлескен серіктестікті дамыту жолдарымен бөлісіп, Абай университетіне ризашылығын жеткізді.

Педагогикалық жоғары оқу орны ретінде университет түлектерінің басым бөлігі мектептерде кәсіби қызмет атқарады. Сондықтан да оқу үдерісінде білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға айрықша мән беріледі. Болашақ педагогтардың

мектеп ортасына бейімделуі мен кәсіби құзыреттілігін дамыту негізгі басымдық ретінде қарастырылған.

Абай университеті – ұстаздар ұстаханасы ретінде ғасырға жуық тарихында 250 мыңға жуық педагог мамандарды даярлаған қарашанырақ. Сондықтан, әркез мұғалім даярлау теория мен тәжірибені ұштастыруды көздейді. Бүгінде оқу орнында болашақ ұстаздар қауымының теориялық білімін тереңдетумен қатар, практикалық шындалуына айрықша мән беріледі. Бүгінгі ынтымақтастық туралы меморандум бәсекеге қабілетті, заманауи талаптарға сай білікті педагогтарды қалыптастыруға үлес қосары анық.

Бифат ЕЛТАЕВА

(Басы 1-бетте)

— Болат Анапияұлы, білім мен ғылымға басымдық берілген жаңа кезеңде біз сапаға шын мәнінде көтеріле алдық па, әлде формаға ғана мән беріп отырмыз ба?

— Алдымен «сапалы білім» ұғымын нақтылап алуымыз керек. Университет қабырғасында студенттің жан-жақты, сапалы теориялық білім алып шығуына мүмкіндік бар. Алайда еңбек нарығына шыққанда сұранысқа сай болмай, бәсекеге қабілетсіз болып жататындары да кездеседі. Сондықтан бүгінгі таңда білім сапасы — түлектің өз мамандығы бойынша алған білімін еңбек нарығында тиімді қолдана алуымен өлшенеді. Өкінішке қарай, өз мамандығы бойынша жұмыс істемейтін түлектердің саны да аз емес. Бұл жерде тек университетті кінәлау дұрыс емес. Мәселе бірнеше себептен тұрады. Соның бірі — білім бағдарламаларының өзектілігі. Бұл, әрине, университеттің жауапкершілігі. Жалпы мен білім сапасы екі негізгі факторға тәуелді деп есептеймін. Біріншісі — университеттің инфрақұрылымы. Студентке сапалы білім алуға қолайлы орта керек. Университет — төрт жыл бойы студент өмірінің маңызды кезеңі өтетін кеңістік. Сондықтан заманауи аудиториялар, техникамен жабдықталу, зертханалық база, студенттердің бос уақытын тиімді өткізетін орындар (коворкинг, клуб, студия, акт залы) — бәрі маңызды. Екіншісі — профессор-оқытушылар құрамының сапасы. Білім бағдарламаларын кім дайындап, кім оқытады? Әрине, оқытушылар. Кафедра — университеттің алтын өзегі, барлық білім бағдарламалары сол жерде қалыптасады. Бағдарламалардың еңбек нарығына сәйкестігі де оқытушылардың біліктілігінен. Кадр іріктеуде нақты талаптар мен КРІ жүйесін енгізу маңызды. Бұл жерде басты мәселе — білікті мамандарды тарту. Ол үшін лайықты жағдай қажет: ең алдымен жалақы, сосын әлеуметтік қолдау. Университет осы екі бағытты — инфрақұрылым мен кадр сапасын қамтамасыз етсе, білім сапасы айтарлықтай артады. Ал жалпы білім сапасына келсек, соңғы уақытта бұл мәселе жиі талқыланып жүр. Мысалы, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін қазір «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүргізеді. Абай университеті педагогикалық бағыттағы оқу орны болғандықтан, негізгі түлектеріміз — мұғалімдер. «Атамекен» дерегі бойынша жұмысқа орналасу деңгейі 78-80%, ал біздің есеп бойынша — шамамен 95%. Себебі біз магистратура мен докторантураға түскен түлектерді де есепке аламыз.

Қазіргі таңда педагог мамандарға сұраныс жоғары. Дегенмен педагог мамандарға мектеп тарапынан да сын бар. Әсіресе 2-3 жыл бұрын түлектердің дайындық деңгейіне қатысты сұрақтар жиі көтерілді. Бұл тек біздің университетке емес, жалпы республика деңгейіндегі мәселе. Мұның бір салдары — талапкердің мектептегі деңгейінде жатыр. Мектептегі білім әлсіз болса, университет бағдарламасын толық игеру қиын. Сондықтан мектеп пен жоғары оқу орны бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни біріншісі сынайтын емес, бірлесіп шешетін мәселе. Осы орайда орта мектептермен байланысты күшейттік. Студенттердің педагогикалық тәжірибесін 3 айдан 7 айға дейін ұзарттық, ал болашақта оны толық бір оқу жылына жеткізуді жоспарлап отырмыз. Түсінген жанға, бұл — майдан қыл суырған



Болат ТІЛЕП, Абай атындағы ҚазҰПУ КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректоры:

Тұлға тәрбиелейтін ұстазды

нәзік дүние. Өйткені болашағын ұлт тәрбиешісі болумен байланыстырған шәкірт диплом алғанда тәжірибесі бар маман ретінде дайын тұрады. Қазірдің өзінде аталған тәжірибе оң нәтиже беріп жатыр. Студент орта мектепке ерте бейімделіп, теориялық білімін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алады. Биылдың өзінде студенттеріміздің қатысуымен 2000-нан астам ашық сабақ өткізілді. Сонымен қатар білім бағдарламаларының дәрісі зор. Мысалы, университет үш жыл бұрын финдік модель негізінде, Дүниежүзілік банктің қолдауымен 30 инновациялық бағдарлама әзірледі. Оның 11-і Абай университеті оқытушыларының қатысуымен жасалды. Осы бағдарламамен оқып жатқан студенттердің деңгейі бұрынғылармен салыстырғанда жоғары екенін мектеп мұғалімдері де растайды. Сондықтан бұл бағыттан үлкен үміт күтеміз.

— Оқу бітіргеннен кейін өз мамандығы бойынша жұмыс істемеген түлектерден грант ақысын қайтару туралы талапқа көзқарасыңыз қандай?

— Бұл мәселе әлі де талқылану үстінде. Абай университетінде өз мамандығы бойынша жұмыс таппай, грант қаражатын қайтарған бірде-бір түлек жоқ. Жалпы мемлекет бөлген қаражат экономикалық тұрғыдан қайтарым беруі тиіс. Алдымен грантта оқыған түлек өз еңбегі арқылы сол шығынды өтеуі керек. Өйткені оны оқытуға тек оқу процесі ғана емес, оқытушылардың еңбекақысы, инфрақұрылым, коммуналдық шығындар сияқты көптеген мемлекеттік ресурстар жұмсалды. Егер түлек өз мамандығы бойынша жұмыс істемесе, бұл қаражаттың тиімсіз пайдаланылғаны. Бұл қоғамда да сұрақ туғызады. Дегенмен менің жеке пікірім — бұл шығынды тікелей түлектің өзінен де талап ете бергеннен гөрі, керісінше, мәселенің себебін тереңірек қарастыру қажет: неге ол маман еңбек нарығында өзін таба алмады? Мұндағы басты мәселе — мемлекеттік

гранттарды тиімді бөлу жүйесінде жатыр. Әр өндіріс нақты қажеттілігіне қарай, сұранысқа ие мамандықтарға басымдық берілуі тиіс. Сонда ғана мемлекет бөлген қаражат өз нәтижесін береді. Тағы бір маңызды дүние бар, көп жағдайда жастар өз қалауын емес, ата-анасының таңдауын орындайды. Диплом алған соң басқа салаға кетуге мәжбүр. Бұл — өте күрделі мәселе. Сондықтан оны кешенді түрде қарастыру керек.

— Жасанды интеллект қарқынды дамыған тұста адам тәрбиелейтін педагогтің рөлі өзгерме, әлде оның жауапкершілігі бұрынғыдан да күшейе түсе ме?

— Екеуі де. Неге? Біріншіден, жасанды интеллектіні жалаулатып, кез келген жерге орынсыз қолдана беру дұрыс емес. Оны ең алдымен технологиялық жаңалық ретінде қабылдап, әр саладағы мәні мен мүмкіндігін дұрыс түсінуіміз қажет. Мәселен, білім беру саласында, әсіресе мектептегі мұғалім үшін жасанды интеллект — ең алдымен көмекші құрал. Қазірдің өзінде қоғамда бұл бағытта сұрақтар туындап жатыр. Мысалы, оқушы үй тапсырмасын қалай орындайды? Көп жағдайда «ChatGPT» және басқа да жасанды интеллект құралдарының көмегіне жүгінетіні жиілеп келеді. Бұл мәселе тек мектепте ғана емес, университеттерде де бар. Студенттердің жасанды интеллект мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланбауы — өзекті мәселе. Біз бұл технологияны оқу үдерісіне енгізуді ертерек бастап кеттік. Қазір барлық студенттеріміз арнайы AI сауаттылық бағдарламасы бойынша білім алып жатыр. Жи-ді қолданудың этикалық талаптарын университет деңгейінде ресми түрде бекіттік. Онда Жи-ді қолдану жағдайы мен шектеулері нақты көрсетілген. Осы ережелер негізінде жұмыс істеп келеміз. Ал мектептердегі жағдай біршама өзгеше. Мұнда басты міндет — балаға алдымен Жи-ді дұрыс қолдануды үйрету. Ол үшін мұғалімдердің өзі осы технологияны меңгеруі қажет. Сондықтан біз осы бағытта жұмыс

істей алатын педагог кадрларды даярлауға басымдық беріп, биыл Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетін ашуды жоспарлап отырмыз. Басты мақсат — мектепке Жи технологияларын енгізе алатын білікті мұғалімдерді даярлау. Жасанды интеллект педагог үшін зор жауапкершілік талап етеді. Себебі Жи-ді пайдаланып оқыған баладан ертең қандай маман шығатынын дәл айту қиын. Менің ойымша, мектептегі басты нәтиже — баланың ойлау қабілетінің дамуы. Логикалық тұрғыда ойлау, сараптау, талдау — мұның бәрі бастауыш сыныптан қалыптасатын дағдылар. Егер біз осы функцияларды толықтай Жи-ге беріп қойсақ, онда ертең күні ойлау қабілеті әлсіз ұрпақ шығу қаупі бар.

— Қазақ тілінің ғылым мен жоғары білімдегі орны туралы көп айтамыз. Іс жүзінде қандай нақты өзгеріс қажет деп санайсыз?

— Иә, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бүгінде гуманитарлық салада өз орнын таппақ. Әдебиет, тарих, мәдениет бағыттарында қазақ тілінің позициясы берік. Алайда негізгі мәселе — қазақ тілін ғылым мен техника тіліне айналдыру. Нақты ғылымда жағдай басқаша. Қазақ тілі ғылым мен техника тілі болуы үшін ең алдымен техникалық салаларда ана тілімізде диссертациялар жазылуы керек. Оқу құралдары, монографиялар, ғылыми жобалар көбейуі тиіс. Жакында ғана біз ғылыми кеңесте 365 беттен тұратын математикалық есептер жинағын бекіттік. Ол толықтай қазақ тілінде, жоғары деңгейде жазылған оқу құралы. Осындай еңбектерді инженерия, сәулет және басқа да техникалық бағыттарда көбейткен жөн. Жалпы жаратылыстану және нақты ғылымдар саласында қазақ тіліндегі контентті арттыру — басты міндет. Оның ішінде ғылыми мақалалар, зерттеулер, жобалар жүйелі түрде көбейсе, қазақ тілі ғылым мен техника тіліне айналуға толық мүмкіндік бар.

— Осы ғылым мәселесінде, ға-

лымдардың еңбектері көбіне жазбаша күйінде қалып қойып жатыр. Оны өндіріске айналдыру мәселесі туралы ойыңыз қандай?

— Жуырда бұл мәселені Мемлекет басшысы да нақты атап, псевдонауадан арылу қажеттігін айтты. Дегенмен бұл жерде өз міндетін атқарып отырған ғалымдар да бар. Бірақ олардың бір бөлігі қағаз күйінде архивте қалып, өндіріске енгізілмей жатыр. Себебі өндіріс тарапынан нақты сұраныс жеткіліксіз, байланыс әлсіз. Қазіргі таңда өндіріс жекеменшік сектордың қолында. Олар ғылыммен енді ғана жүйелі түрде байланысқа көшті. Ғылым академиялары мен ғылыми көрмелердің қайта жандануының арқасында отандық ғылыми жобаларға қызығушылық артып келеді. Мысалы, біздің университетті алсақ, 2018 жылы Еңбекшіқазақ ауданынан 40 гектар құнарлы жер агробиостанция салу үшін бөлінген. Химия, биология, ботаника саласының ғалымдарын сол жерге апарғанымда, олар агробиостанция салынып, студенттердің далалық практикадан өтуіне және ғалымдардың зерттеу жүргізуіне жағдай жасалса, көптеген ғылыми жобалар іске асар еді деді. Абай университетінде алма мен ал-

мұрттың жаңа сорттарын шығару, өсімдік өнімін арттыру технологиялары бойынша қорғалған жобалар жеткілікті. Халықаралық деңгейде жасалған бірлескен зерттеулер де бар. Бірақ олардың бір бөлігі тәжірибелік база болмағандықтан іске аспай, архивте қалып қойған. Сол себепті өткен жылы жаңа Агробиостанция құрылысын ашып, тұсауын кестік, биылдан бастап алғашқы тәжірибелік жұмыстар жүргізіледі. Бұл — ұзақ жылдар бойы іске аспай келген ғылыми жобалардың өндіріске жақындатуының нақты қадамы.

— Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 100 жылдық белесі — есеп беру ме, әлде жаңа бағыт айқындау кезеңі ме?

— Бұл әрі есеп беру, әрі жаңа бағытты айқындау кезеңі. «Абай — дана қазақта, Абай университеті — дара қазақта» дегендей, ұлы хәкімнің атын иеленгеннен кейін біз осы атқа лайық болуымыз керек. Университеттердің көп екені, ал Абай университетінің тұңғыш екені — анық. Абай — адамзат үшін, Абай университеті — қоғам үшін қызмет ете бермек. Біз — Тұлға ғана емес, тұлға тәрбиелейтін Ұстаз қалыптастырамыз. Рас, өткенсіз бүгін, бүгінсіз ертең жоқ. Сондықтан 100 жылдықты тек мерейтой ретінде емес, еліміздің жоғары білім жүйесінің тарихи белесі ретінде қарастыру керек. Себебі бұл — еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орны, барлық университеттердің бастауы. Университеттің негізін қалауда Алаш зиялыларының еңбегі зор. Санжар Асфендияров — алғашқы ректоры, оған Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Сәкен Сейфуллин сияқты тұлғалар қолдау көрсеткен. Осы уақыт ішінде университет 250 мыңнан астам мұғалім дайындап шығарды, еліміздегі мектептердің басым бөлігінде біздің түлектер жұмыс істейді. Дегенмен даму бағытымызды кенже қалдырмай, болашақты да айқындауымыз қажет. Өйткені қазір әлемде білім экономикасы қалыптасты, бәсекелестік жоғары. Осы талаптарға сай

болуымыз керек. Бүгінде университет тек педагогтерді ғана емес, өзге бағыттағы кадрларды да даярлайды, студенттердің шамамен 30 пайызы педагогикалық емес мамандықтарда оқиды. Алдағы мақсат – 2029 жылға қарай Орталық Азиядағы алғашқы педагогикалық зерттеу университеті мәртебесіне жету. Бұл үшін ғылыми әлеуетті тек қолдау емес, жүйелі түрде дамыту қажет. Қазіргі талап айқын: ғылым бар болса, ол экономикаға жұмыс істеуі тиіс. Осы бағытта нақты нәтиже көрсетіп, қойылған міндеттерге қол жеткізу басты мақсатымыз.

– **Әлемдік рейтингтердегі жетістік – бедел ме, әлде білім сапасының нақты көрсеткіші ме?**

– Мұны әркім әрқалай түсінеді. Менің ойымша, университет үшін әлемдік рейтингке ену – түпкі мақсат емес. Бірақ рейтингтерге қатысу ең алдымен ЖОО-лардың әлсіз тұстарын көрсетеді, яғни ішкі талдау жасауға мүмкіндік береді. Рейтинг дегеніміз – бірнеше көрсеткіштер бойынша жасалатын тәуелсіз сараптама болғандықтан, біз рейтингтерге қатысқанда қай бағытта кемшілік бар, соны білеміз, реттейміз. Сол кемшіліктерді түзету үшін бұл жүйенің маңызы зор.

ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ

Әлемде беделді екі негізгі рейтинг бар – QS World University Rankings және Times Higher Education. Екеуіне де қатысамыз, себебі қазіргі заманда әлемдік білім кеңістігінен тыс қалу мүмкін емес. Мәселен, Абай атындағы ҚазҰПУ жақында ғана әлем бойынша педагогикалық университеттер ішінде 41-орынға көтеріліп, Орта Азия мен елімізде көшбасшы екенін дәлелдеді. Бұл біз үшін ғана емес, отандық білім беру саласы үшін зор мақтанш. Басқа елдердің, әсіресе алдыңғы қатарлы университеттердің тәжірибесін үйрену – маңызды процесс. Бұл олардың жүйесін толық көшіру деген сөз емес, керісінше, өз отандық білім беру моделімізді дамытудың бір жолы. Сондықтан рейтингтің бәсеке-лестік қырынан гөрі танымдық және даму құралы ретіндегі мәні жоғары.

– **«Цифрлық педагог» даярлау – заман талабы. Бірақ цифрландыру мен адамгершілік құндылықтардың ара салмағын қалай сақтаймыз?**

– Бұрын Ақтөбе облысында «цифрлық мұғалім» атты пилоттық жоба жүзеге асқан еді. Оның мақсаты – қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасындағы алшақтықты азайту. Мықты мұғалімдердің немесе репетиторлардың онлайн сабақтарын ауыл мектептеріне жеткізу арқылы білім теңдігін қамтамасыз ету көзделді. Бұл – дұрыс идеядан туған жоба. Дегенмен жалпы цифрлық педагогика мен цифрлық мектеп мәселесіне сақтықпен қарау қажет. Цифрлық құралдарды қолдану маңызды болғанымен, ол адамның бергенін бере алмайды. Осыған байланысты өзіме қатысты бір жағдай есіме түседі. Ұлым үшінші сыныпта оқып жүрген кезде таңертең мектепке барғысы келмей, «болашақта мектептер цифрлық форматқа көшеді, бәрін онлайн оқимыз» деген ой айтты. Расында, технология дамыған сайын мұндай сценарий мүмкін сияқты көрінеді. Бірақ мен оған мектептің басты миссиясы тек білім беру емес екенін түсіндірдім.

Мектептің ең басты қызметі – тәлім-тәрбие беру. Осындайда әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген сөзі еріксіз еске түседі. Ұстазды ешбір электрондық құрылғы толық алмастыра алмайды. Мұғалімнің міндеті – тек ақпарат беру емес, баланы ойлауға, жақсы мен жаманды ажыратуға, адам болуға үйрету. Бұл – мектептің негізгі құндылығы. Әрине, цифрлық оқытудың тиімді тұстары бар. Ол қосымша білім беру, репетиторлық бағытта немесе ауыл мен қала арасындағы білім теңдігін қамтамасыз ету үшін өте қажет. Бірақ қандай жағдайда да бір педагогтің рөлі мен адами фактор жоғалмауы тиіс.

– **Жалпы цифрлық, онлайн білім беруде барлық бала бірдей игеріп кете алмайтыны белгілі. Карантин кезеңі дәстүрлі оқытудың артықшылығын көрсеткен жоқ па? Сол уақыттан кейін білім сапасы төмендеді деген пікірмен келісесіз бе?**

– Дұрыс айтасыз. Бірақ ең алдымен онлайн оқыту мен цифрлық оқытуды ажыратып алу керек, бұл екеуі бір ұғым емес. Университет тәжірибесінде мысалы цифрлық технологиялар арқылы жасалған лекциялар жүйе-

денттік декандар, кейін студенттік ректор сайланды. Қазір мен олармен апта сайын кездесіп, барлық мәселелерді бірге талқылаймыз. Бұл жүйе жатақхана мәселесі, оқу сапасы, әлеуметтік жағдайлар сияқты сұрақтарды жедел анықтауға мүмкіндік береді. Сиуид, лудомания, наркомания сияқты әлеуметтік тәуекелдердің алдын алуға да ықпал етеді. Яғни студенттердің өз ортасын өздері бақылауы маңызды рөл атқарады. Жастардың тағы бір ерекшелігі – олардың индивидуалистік ойлау бағытының күшеюі. Яғни әрқайсысы өз әлемінде өмір сүруге бейім. Бұл бір жағынан дамуға, өзін-өзі жетілдіруге көмектеседі. Бірақ екінші жағынан корпоративтік мәдениеттің әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Бұрынғы буында ұжымдық ойлау басым болса, қазіргі жастарда ол әлсіреп бара жатқандай. Бұл болашақта қоғамдағы өзара қолдау, бөлісу, ортақ жауапкершілік сияқты құндылықтарға әсер етуі мүмкін. Сондықтан жеке даму мен ұжымдық мәдениеттің арасындағы тепе-теңдікті сақтау өте маңызды.

– **Жастардың шетелге ұмтылуы – білім іздеу ме, әлде ел ішіндегі мүмкіндіктердің шектеулілігінің көрінісі ме?**

– Жок, оны ел ішіндегі мүмкіндіктердің шектеулілігі деп айту дұрыс емес деп ойлаймын. Қазіргі таңда Қазақстанда да сапалы білім алуға толық мүмкіндік бар. Шетелдік университеттердің филиалдары ашылып жатыр, сонымен қатар өзіміздің жоғары оқу орындарымыз да халықаралық деңгейге жақындап келеді. Әлемдік стандарттарға сай жұмыс істейтін жоғары оқу орындары да бар. Жастардың шетелге кетуінің басты себебі – олардың жеке ізденісі. Мұнда екі негізгі фактор бар. Біріншісі – кез келген саналы жас адамның өз бетінше өмір сүруге, жаңа ортада қалыптасуға деген табиғи ұмтылысы. Екіншісі – білім сапасына деген талғам. Яғни ең үздік университеттерде оқу, мықты ортада болу ниеті. Қоғамда «шетелге кеткен жастар қайтып келмейді» деген аландаушылық жиі айтылады. Бірақ мен бұған аса қорқатын мәселе ретінде қарамаймын. Әл-Фарабиден бастап көптеген ғалымдарымыз шетелде білім алған. Егер адамның жүрегінде елге деген сүйіспеншілік болса, ол қайда жүрсе де өз Отанына қызмет етеді. Әрине, керісінше, елмен байланысын үзетін адамдар да кездеседі. Бірақ оларды мәжбүрлеп ұстап қалу да дұрыс емес. Егер адам мықты білім алып, өзін дамытып жатса, бұл – керісінше қоғам үшін де пайдалы. Дегенмен менің жеке пікірім – бакалавриат кезеңін, яғни 18 жасқа толғаннан кейінгі алғашқы жоғары білімді ел ішінде алған дұрыс. Себебі дәл осы төрт жылда тұлғаның ортасы қалыптасады, өмірлік достары мен құндылықтары бекиді. Бұл оның елмен байланысын нығайтатын маңызды кезең. Ал магистратура мен докторантураны шетелде оқу – өте орынды таңдау. Себебі ол кезде адам өзінің бағытын нақтылап, ғылыми немесе кәсіби деңгейде терен ізденіске дайын болады.

– **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ
Дереккөз: anatili.kazgazeta.kz



ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САММИТ КӨРМЕСІНЕ ҚОЙЫЛДЫ


(Басы 1-бетте)

Пленарлық отырыста ҚР Мемлекет басшысы Орталық Азия елдерінің экологиялық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын жеткізді.

– Елдеріміз тұтас экожүйеде өмір сүреді. Өзен-көлдер де, табиғи ландшафттар да, климаттың қауіп-қатерлері де баршамызға ортақ. Ең бастысы, жауапкершілікті теңдей бөлісеміз. Орталық Азия

оның ішінде электрон-станция, жасыл университет, экопарк және құм-топырақты жыныстардан мұнайды бөлуге арналған жылжымалы қондырғы бар. «Баламалы электростанция» жобасы алыс объектілерді электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін түрлі қуаттылықтағы экологиялық таза баламалы электр станцияларын құруға бағытталған.

«Green University» тұжырымдамасы маңызды эко-



мен көршілес аймақтар ұқсас экологиялық сын-қатерлерге тап келді. Атап айтқанда, су тапшылығы мен су ресурстарын тиімсіз басқару, шөлейттену, мұздықтардың еруі, ауаның ластануы және биоалуантүрліліктің жойылу қаупі. Мен ең негізгі сын-қатерлер мен проблемалардың мәнін ашып, әдейі түстеп отырмын. Өйткені күш жұмылдыру арқылы аталған мәселелерді шешуде он нәтижеге жетеміз. Бұған кәміл сенемін, – деді Президент.

Саммит аясында ұйымдастырылған көрмеге Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп, Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е.Сұлтан қатысты. Мәртебелі қонақтарға Абай университетінің ғылыми жобаларын Жаратылыстану және география факультетінің деканы Күләш Каймулдинова, Биология кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а. Махаббат Аманбаева, Химия кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ербол Тілеуберді, Инновациялар және нанотехнологиялар зертханасының жетекшісі Виктор Лысенко таныстырды.

Көрмеде «Abai University: Тұрақты даму жолында» тақырыбында 5 жоба таныстырыл-

ғиялық іс-шараларды, энергия тиімділігін арттыруды, экологиялық білім беру бағдарламаларын енгізуді, аумақты көгалдандыруды және жақсартуды, жасыл технологияларды енгізуді және басқа да бағыттарды қамтиды. Ал «Biohumus» жобасы – зерттеу калифорниялық қызыл құрттарды пайдалану арқылы органикалық қалдықтардан биогумус өндіру үдерісін қарастырады.

Сонымен қатар университеттің студенттік «Аяла» экоклубы таныстырылды. Бұл ұйым – экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, тұрақты ойлауды дамытуға және университет пен қоғам деңгейінде өзекті экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған білім алушылардың ерікті бірлестігі. Мұнай шыламдарын және мұнаймен ластанған топырақты залалсыздандыра отырып, жыныстардан мұнайды бөлуге арналған «Жылжымалы қондырғы» ғылыми жобасы да келушілердің назарын қызығушылығын туғызды.

Халықаралық жиын қорытындысында өңірдің экожүйесіне қатысты тың бастамалар қабылданды.

«Abai University»
медиа орталығы

ҰЗАҚБАЙ ҚҰЛЫМБЕТОВ МҰРАСЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Биыл Алаш ардақтысы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны Ұзақбай Құлымбетовтің туғанына 135 жыл толып отыр. Осыған орай Абай университетінде «Алаш ардақтылары және Қазақ мемлекеттілігі идеясы» атты ғылыми-танымдық дөңгелек үстел өтті. Тағылымды басқосу «Ғылым декадасы – 2026» аясында ұйымдастырылып, отандық ғылым өкілдері тарихи тұлғаның елдік мүдде жолындағы қызметін қазіргі көзқарас тұрғысынан зерделеді.

Іс-шара барысында Алаш қайраткерлерінің еңбектеріне арналған сирек басылымдар мен архивтік деректер көрмесі қойылды. Жиынды университеттің Зерттеу қызметі және инновациялар жөніндегі проректоры Ертай Сұлтан ашып, тарихи сананы жаңғырту мен ұлт зиялыларының мұрасын ғылыми тұрғыда зерделеудің маңыздылығына тоқталды.

Келелі кеңесте академик Мәмбет Қойгелдиев қоғам қайраткерінің саяси ұстанымы мен мемлекет қалып-

тастыру ісіндегі ролін тың деректер негізінде талдап, азаматтық болмысына жаңаша баға берді. Академик Ханкелді Әбжанов баяндамасында тұлға өмірінің соңғы кезеңіне назар аударып, қуғын-сүргін жылдарындағы қайсарлығы мен ұлт мүддесіне адалдығын нақты деректермен айшықтады.

Зерттеуші Светлана Смағұлова өз сөзінде Ұзақбай Құлымбетов пен Тұрар Жаманмұрыновтың ел дамуына қосқан үлесін салыстыра баяндады. Олардың өнеркәсіп, инфрақұрылым және ел астанасын қалыптастырудағы басқарушылық қызметін жүйелі түрде сипаттады. Ал Гүлшат Нұрымбетова саяси қуғын-сүргіннің қоғамға түсірген салмағын қозғап, тарихи кезеңнің отбасы өміріне тигізген зардабын терең мазмұнда жеткізді.

Жас ғылым, университет магистрі Баян Серікқызы «Тарихи тұлғаны заманауи цифрлық платформа арқылы таныту: Ұзақбай Құлымбетов мысалында» тақырыбындағы инновациялық диссертация жұмысын көпшілікке таныстырды. Жас зерттеушінің жобасы тарихи мұраны цифрлық кеңістікте дәріптеудің өзектілігін көтеріп, мемлекет қайрат-

керінің өмірі мен қызметін заманауи форматта танытуға бағытталған. Бұл жоба – тарихи тұлғаларды зерттеудің дәстүрлі әдістерін жаңа цифрлық технологиямен ұштастыру арқылы ғылымды насихаттаудың тиімді құралы деп бағаланды.

Дөңгелек үстелдің қорытындысын Ұзақбай Құлымбетовтің қызы – Орынша Қарабалина «Ұрпаққа аманат» атты мазмұнды баяндамасымен түйіндеді. Ол әкесінің ел алдындағы еңбегінен, әділетсіздікке ұшыраған тағдырынан сыр шертіп, бүгінгі ұрпаққа тарихи шындықты білу мен ұлттық мүддені қорғаудың маңызы туралы тебірене айтты. Алаш ардақтыларының ерлігі мен елжандылығын ұмытпау – ұлт болашағын құрудың негізі екенін атап өтті.

Мазмұнды жиын ұлттық тарихты терең пайымдауға, Алаш мұрасын жүйелі зерделеуге және елдік сананы нығайтуға жаңа серпін берді. Университет қабырғасында жүзеге асатын ғылыми басқосулар тарихи жадыны жаңғыртып қана қоймай, жауапкершілігі жоғары, ойы сергек, рухы берік жас буын қалыптастырудың негізі.

Айтолқын АРҒЫНОВА



ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ АШЫЛДЫ

Абай университетінің базасында көрнекті ғалым, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесінің негізін қалаушы Бәшен Баймұратқызының 100 жылдығына орай әдістемелік кабинет ашылды. Сондай-ақ «Мектепке дейінгі білім беру: қазіргі жағдайдағы даму стратегиясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференция басталмас бұрын Педагогика және психология факультетінде ғалымның есімі берілген арнайы әдістемелік кабинет ашылды. Жаңа кабинет Бәшен Баймұратқызының еңбектерін жаңғыртып, ғылыми мұрасын кеңінен таныстыруға мүмкіндік береді. Ғалымның қызы Самал Бердібекқызы мен университеттің Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Жанна Жүсіпова кабинеттің лентасын киді. Салтанатты рәсімде Самал Бердібекқызы университет ұжымына алғысын білдіріп, жүрекжарды лебізін жеткізді.

– Ғасырға жуық тарихы бар Абай университетінің қабырғасында азаматтың құрметіне арнайы кабинет ашылуы – мен үшін зор мақтаныш. Бұл кабинет тек бір есімнің ғана емес, тұтас бір дәуірдің, педагогикалық мұраның жалғасы боларына сенемін. Осында оқитын студенттер анамыз еңбегінен тағылым алып, оның жолын жалғап, ел болашағы үшін аянбай қызмет етсе деген тілегім бар. Анам елімізде тұңғыш қазак балабақшасын ашып, мектепке дейінгі білім беру саласының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты, – деді ғалымның ұрпағы.

Бұл іс-шара Бәшен Баймұратқызының ғылыми-әдістемелік еңбек-

терін кеңінен насихаттауға арналды. Ол – ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, КСРО және ҚазКСР оқу-ағарту ісінің үздік қызметкері, сондай-ақ Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері. Оның мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету бағытындағы еңбектері бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ.

Конференцияға отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, мектепке дейінгі ұйым басшылары, сондай-ақ жас зерттеушілер мен студенттер қатысты. Іс-шара барысында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы жан-жақты талқыланып, оны жетілдірудің ғылыми-әдістемелік бағыттары айқындалды. Сонымен қатар, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған заманауи тәжірибелер мен инновациялық идеялар ортаға салынды.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция Бәшен Баймұратқызының ғылыми мұрасын дәріптеу арқылы мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға, сала мамандарының тәжірибе алмасуына және жаңа ғылыми ізденістерге серпін берді.

Бифат ЕЛТАЕВА

ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ АРДАҚТАЛДЫ

Абай университетінде еліміздің білім беру саласына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Досан Баймолданың 70 жылдық мерейтойына арналған Математика, физика және информатика факультетінің кеңейтілген мәжілісі өтті. Салтанатты шара аясында ғалымның «Білім-ғылым жолындағы ізденістер мен жетістіктер» атты мемуарлық кітабының тұсауы кесіліп, қара шаңырақ қабырғасындағы ерен еңбегі ұлықталды.

Жиынның шымылдығын Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Ертай Сұлтан ашып, мерейтой иесінің университет тарихындағы орнына, тұлғалық болмысына тоқталды. Ол Абай университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілептің ізгі тілегін жеткізіп, арнайы құттықтау хатын табыс етті.

– Сіздің саналы ғұмырыңыз – отандық ғылым мен ұлттық тәрбиенің өзара ұштасқан жарқын үлгісі.

Қазақстанның Ұлттық Жаратылыстану Ғылымдары академиясының академигі ретінде іргелі зерттеулердің басында тұрып, еліміздің интеллектуалды әлеуетін арттыруға атсалыстыңыз. Ұстаздық жолыңызда аянбай тер төгіп, бүгінде мемлекетіміздің стратегиялық салаларында қызмет етіп жүрген сапалы мамандар шоғырын тәрбиеледіңіз. Алдағы уақытта да бай тәжірибеніз бен кемел біліміңіз еліміздің игілігіне қызмет ете береріне

сеніміміз мол, – деп жазылған ректордың құттықтау хатында.

Университет басшылығы ғалымның көпжылдық қажырлы еңбегін жоғары бағалап, оны «Айрықша еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады.

Баймолда Досанның ғылыми зерттеулері жалпы физика мен күрделі ядролық физика салаларын терең камтиды. Зерттеуші – ядролық физиканың күрделі заңдылықтарын зерттеп, осы бағытта іргелі еңбектер жазумен қатар, ұлттық тарих пен журналистика саласына да елеулі үлес қосып келе жатқан бірегей тұлға. Оның қаламынан туған тарихи-танымдық мақалалар мен публицистикалық жанрдағы туындылары ғалымның ұлт руханиятына деген терең жанашырлығын көрсетеді.

Жиын барысында ғалымның әріптесі, профессор Марат Құлбекұлы сөз алып, мерейтой иесінің физиканың күрделі теорияларын қоғамдық санамен ұштастыра білетін ерекше қабілетін атап өтті.

Профессордың халықаралық беделі де өте жоғары екенін алыс-жақын шет елдерден келген лебіздерден анық аңғаруға болады. Мәселен, Моңғолия ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ғылым докторы Дангаагийн Сэлэнгэ арнайы құттықтау жолдаса, Польша мен Чехиядағы ғылыми орталықтардан келген тілектер ғалымның әлемдік деңгейдегі байланысын айқындай түсті.

Мерейтой иесінің иығына шапан жауып, құрмет көрсеткен зиялы



қауым өкілдері ғалымның азаматтық бейнесіне кеңінен тоқталды. Қазақстанның Ұлттық Жаратылыстану Ғылымдары академиясының вице-президенті, академик Еренғайып Омаров Досан Баймолданың академия жұмысына сіңірген еңбегін тілге тиек етсе, Тарих және этнология институтының директоры, академик Зиябек Қабуддинов ғалымның тарихи таным мен ұлттық құндылықтарға деген адалдығын жоғары бағалады. Сондай-ақ Филология факультетінің профессоры Балтабай Әбдіғазилы мен Тарих және құқық факультетінің профессор-зерттеушісі Болат Жұмағұлов физика саласының майталманымен қатар жүрген жылдардағы ғибратты сәттерді еске алып, ажарма тілектерін арнады. Физика кафедрасы мен Тарих факультетінің ұжымдары да өз әріптестеріне деген ыстық ықыласын білдірді.

Келелі кездесу барысында ав-

тордың «Білім-ғылым жолындағы ізденістер мен жетістіктер» атты мемуарлық кітабының тұсаукесері өтті. Бұл туынды тек ғалымның өмірбаяны ғана емес, соңғы жарты ғасырдағы отандық ғылымның даму тарихынан сыр шертетін құнды жәдігер. Профессор өз қолтанбасымен кітапты университет кітапханасына сыйға тартып, білім алушы жастарға жол сілтеді.

Кеш соңында мерейтой иесі Досан Баймолда барлық қатысушыларға, университет басшылығына және ыстық лебіз білдірген әріптестеріне шынайы ризашылығын білдірді. Ғалымның 70 жылдық белесі – бұл Абай университетінің ғылыми әлеуеті мен ұрпақ сабақтастығының алтын көпірі екенін көрсетті. Осындай іргелі тұлғалар қара шаңырақты елдегі білім мен ғылымның шамшырағы ретіндегі мәртебесін асқақтата береді.

Айтолқын НҰРЖАУСЫНҚЫЗЫ



«ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫНЫҢ ҚЫСҚАША СӨЗДІГІ» ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Жетінші сәуірде 7 томдық «Қазақ этнографиясының қысқаша сөздігі» атты іргелі ғылыми еңбектің тұсауы кесілді. Ғылыми-танымдық басылым қазақ халқының бай мәдени мұрасы мен рухани құндылықтарын жүйелеп, көпшілікке ұсынған маңызды еңбек ретінде бағаланды.

Жиынды университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп ашып, бұл жобаның ұлттық ғылым мен рухани жаңғыру тұрғысынан айрықша мәнге ие екенін атап өтті.

— Қазақ этнографиясының қысқаша сөздігі — тек ғылыми еңбек ғана емес, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, дүниетанымын жүйелеп көрсететін бірегей жинақ. Сөздікте 2120-дан астам этнографиялық атау қамтылып, олардың мазмұны қысқаша әрі нақты түсіндірілген. Ең бастысы, бұл ұғымдар әлемнің 7 тіліне аударылып, қазақ мәдениетін халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік беріп отыр. Мұндай ауқымды еңбек жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырып, ұлттық кодты сақтауға қызмет етеді. Сондықтан бұл басылымның ғылыми-практикалық маңызы өте зор, — деді Болат Анапияұлы.

Сөздіктің жарық көруіне мұрындық болған ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті, Абай атындағы ҚазҰПУ зерттеуші-профессоры,



педагогика ғылымдарының докторы, профессор Аскарбек Қабыкенұлы Құсайынов. Ал, авторлар қатарында белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері бар. Атап айтқанда, филология ғылымдарының докторы Әлімхан Жүнісбек, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің меңгерушісі Альфия Солтанбекова, мемлекет және қоғам қайраткері Мірболат Жақыпов, техника ғылымдарының докторы, өнертану профессоры Сабырқұл Асанова сынды әртүрлі саланың жетекші ғалымдары.

Тұсаукесерде бірқатар ғалымдар баяндама жасап, сөздіктің ғылыми мазмұны мен құрылымына жан-жақты талдау жасады. Мәселен тарих ғылымдарының докторы, академик Х. Әбжанов, филология ғылымдарының докторлары А. Жұмабекова мен Т. Аяпова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент К. Абдрахманова және этнолингвистика саласының маманы Э. Өтебаева сөз сөйледі. Сарапшылар көптомдық еңбектің тілдік, мәдени және тарихи маңызын

атап өтіп, оның ғылыми айналымдағы орнын жоғары бағалады.

«Қазақ этнографиясының қысқаша сөздігі» — қазақ халқының дүниетанымы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі мен наным-сенімін қамтитын кешенді ғылыми еңбек. Басылымда домбыра, шаңырақ, кереге, шілдеhana секілді этнографиялық ұғымдарға түсініктеме беріліп қана қоймай, олардың мазмұны көркем әдебиеттегі қолданысымен сабақтастырылып көрсетілген. Сонымен қатар, еңбекте экзотикалық лексика ретінде танылатын ұлттық ұғымдар жүйеленіп, ағылшын, қытай, неміс, орыс, түрік және француз тілдеріне аударылған.

Ғалымдардың айтуынша, бұл сөздік — ұлттық мәдениеттің терең тамырын танытатын маңызды дереккөз. Ол жас ұрпақтың тарихи жадысын жаңғыртып, ұлттық болмысты сақтауға, сондай-ақ дәстүр сабақтастығын жалғастыруға ықпал ететін құнды еңбек болып табылады.

Әзімбек ӘБДІҚҰЛҰЛЫ



БАЛУАНДАР БЕЙНЕСІН КЕСКІНДЕУШІ

Абай атындағы ҚазҰПУ музейінде белгілі суретші, Мәдениет саласының үздігі Еркін Қайшыбектің «Күш атасын танымас» тақырыбында жеке шығармашылық көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Көрме қазақтан шыққан даңқты балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына 155 жыл толуына орай ұйымдастырылған.

Еркін Базарғалиұлы қазақ халқының рухани мұрасын, ұлттық спорт тарихын және алып күш иелерінің болмысын көркем суретпен жеткізуді мақсат етеді. Өнер мен спортты байланыстыра отырып, ерекше қылқалам туындыларын жарыққа алып келген. Көрмеге Қажымұқан Мұңайтпасұлының және өзге де қазақтың әйгілі балуандары бейнеленген 50-ге жуық картина қойылды.



Салтанатты іс-шарада университеттің Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректор Айгүл Төлеуғайқызы, Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Мақсат Дөнәсұлы, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Берікжан Әлмұхамбетов және Өнер факультетінің деканы Кәрім Әлімханұлы арнайы сөз сөйлеп, ізгі лебізін білдірді.

Кәсіби суретші, әрі педагог Еркін Қайшыбектің шығармашылығы — күрес өнеріндегі тарихи тұлғалардың бейнесін кенеп арқылы терең әрі әсерлі өрнектеумен ерекшеленеді. Оның қылқаламынан туған Қажымұқанға арналған жиырмаға жуық туынды палуанның үкіл ғұмырын қамтып, болмыс-бітімін аша түседі.

Көрмеге қойылған «Жас палуан», «Ел арасында өнер көрсету», «Америка чемпионы», «Азия және Африка чемпионы», «Қажылыққа сапар» сияқты эмоциялық және психологиялық тебіреніске құрылған көп фигуралы композициялары сол заманның тыныс-тіршілігін жеткізеді. «Қажымұқан мен парсы палуаны Машрут», «Қажымұқан және түрік палуаны Нұрла», «Қажымұқан мен Саракидің жекпе-жегі» картиналарында қызу шайқас, екпінді динамика айтулы балуанның зор қуат-күшін және даңқын паш етеді. «Салтанатты портрет», «Сигизмунд корольдің белдігімен», «Егде тартқан палуан», «Қажымұқан мен Поддубный» портреттері — тарихи дерек пен көнерген фотосуреттер негізінде әрбір деталі асқан дәлдікке құрылған. Бұл туындылар суретшінің зерттеушілік қырын да айқын көрсетеді.

Еркін Қайшыбек — портрет жанрының шебері. Оның шығармашылығында қазіргі заманның даңқты спортшылары да ерекше орын алады. Атап айтқанда, Олимпиада чемпиондары Жаксылық Үшкөмпіров, Шәмші Серіков, «екінші Қажымұқан» атанған Шәмсіейіт Айханов және әйгілі балуан Дәулет Тұрлыханов бейнелері көрермен назарына ұсынылды. Сонымен қатар Балуан Шолақ пен Иманжүсіп Құтпанұлының портреттері де экспозициядан орын алды.

Ұлттық рухты дәріптеп, қазақ балуандарының тарихи тұлғасын өнер арқылы ұлықтаған көрме бір апта бойы музей қонақтары назарына ұсынылады.

Өмірбек САНСЫЗБАЙ

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ – ТОКИОДА

Жапонияның Токио қаласында Абай университеті Өнер факультетінің деканы, «Дарын» жастар сыйлығының иегері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Кәрім Байғұтовтың «Қазақ мифологиясы» атты көрмесі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, көрерменнің зор қызығушылығын тудырды.

Көрмеде ксилография техникасында орындалған графикалық туындылар ұсынылды. Жобаның басты ерекшелігі — қазақ мифологиясын заманауи көркемдік тіл арқылы таныстырып, ұлттық дүниетанымының терең философиялық мазмұнын халықаралық мәдени кеңістікте айшықты көрсетуінде. Көрме тұжырымдамасында ксилография тек техникалық әдіс ретінде емес, мәдени жадыны, танбалық жүйені және тарихи сананы бейнелейтін ерекше көркем ойлау тілі ретінде қарастырылғаны анық аңғарылады.

Бұл көрме ғылыми жоба аясында жүзеге асырылды. Атап айтқанда, AP25796905 «Design Thinking тәсілін қолдану арқылы көркем білімдегі қазақ мифологиясы мен гравюрасын модификациялау» жобасы негізінде дайындалған экспозиция ғылыми ізденіске сүйене отырып қалыптастырылған. Мұнда қазақ мифологиясы тек фольклорлық мұра ретінде емес, әлемнің жаратылысы, адам мен табиғаттың байланысы, қасиетті мен үрейлі ұғымдардың, өмір мен өлімнің, тәртіп пен хаостың арақатынасын түсіндіретін тарихи рухани-танымдық жүйе ретінде ұсынылған.

Көрменің жоғары деңгейде өткенін оған жиналған кең аудитория айқындай түсті. Іс-шараға Жапониядағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің бірін-



ші хатшысы Айдос Құрманғалиұлы, Print Gallery Tokyo + PP директоры Хирофуми Абэ, Joshibi Art University мен Tama Art University оқу орындарының студенттері мен профессор-оқытушылар құрамы, соның ішінде Тошихиде Кайбори, сондай-ақ Moriki Paper компаниясының директоры Такао Морики және өзге де өнерсүйер қауым қатысты. Бұл көрменің

кәсіби, академиялық және мәдени орта тарапынан кең қолдау тапқанын көрсетеді. Аталған көрменің кураторы Көркем білім кафедрасының профессоры, п.ғ.к. Жанерке Шайгозова.

Сонымен қатар, көрмеге Japan-Kazakhstan Bridge Friendship GIA — Official Dimash Japan Fan Club өкілдері де арнайы келді. Олардың қатарында Фуми Фуруяма мен Мидори Ясуэ болды. Бұл жағдай көрменің тек кәсіби өнер қауымының ғана емес, Жапониядағы түрлі мәдени орта өкілдерінің, қазақстандық өнерге қызығушы көрермендердің және халықаралық достық ұйымдарының назарын аударғанын аңғартады. Олар ресми тарап ретінде емес, қазақ өнеріне қызығушылық танытқан көрермен ретінде қатысып, көрменің маңызын арттыра түсті.

«Abai University»
медиа орталығы





ЕҢЛІК – «АБАЙ АРУЫ», БАҒДАТ – «АБАЙ СҰЛТАНЫ»

Абай университетінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие жобасы аясында «Абай аруы мен сұлтаны» байқауы өтті. Биыл үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырған ауқымды жоба ұлттық университеттің парасатты бозбаласы мен ибалы бойжеткенінің заманауи бейнесін қалыптастыруды көздейді. Сайысқа университет басшылығы, кәсіпкерлер мен эстрада жұлдыздарынан құралған қазылар алқасы баға беріп, өнерлі жастарға демеушілер тарапынан қаржылай қолдау көрсетілді.

Салтанатты іс-шараны ашқан Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Мақсат Жақау «Байқаудың негізгі мұраты – жастар бойындағы ұлттық құндылықтар мен Абайдың «Толық адам» концепциясындағы асыл қасиеттерді жаңғырту. Сондықтан әр қатысушының өнерінен осы құндылықтардың көрініс табатынына сенемін», – деп атап өтті.

Байқаудың мазмұны бес түрлі кезеңнен құралды. Алғашқы «Ұлттық киім дефилесі» кезеңінде қатысушылар қазақстандық танымал сән үйлерінің авторлық топтамаларын паш етті. Бұл кезеңде ұлттық нақыш пен қазіргі заманғы сән үрдістерінің үйлесімі эстетикалық талғамын айқындады. Одан

кейінгі «Таныстыру» кезеңінде үміткерлер бір-бірінен асып түсу үшін барын салды. Қатысушылар қыз қуу, беташар, ретро-той, Абай түлегі секілді қызықты әрі концептуалды тақырыптарда таныстырылым жасады.

Сайыстың «Ұлттық таным» кезеңі жастардың зияткерлік деңгейі мен рухани білімін сарапқа салды. Мұнда қазақ әдебиеті, тарих, спорт, өнер және Абай әлемі бойынша сұрақтар қойылды. Бұл кезең қатысушылардың сахналық шеберлігімен қоса ұлттық тарих пен мәдениетке деген құрметін де сынады.

«Өнерлі ұрпақ» деп аталған кезең байқаудың нағыз кульминациясына айналды. Студенттер әлеуметтік маңызы бар, жүрекке жетерлік тәрбиелік мәні терең қойылымдар ұсынып, өнердің көңіл көтеру ғана емес, ой тастау құралы екенін дәлелдеді. Жас дарындар сахнада небір шығармашылық идеяларды шеберлікпен жүзеге асырып, көрерменді таңдай қақтырған думанды шоу жасады. Көрермендер мен қазылар алқасы студент жастардың талантына қайран қалып, зор қошемет көрсетті. Ал соңғы кезеңде қатысушылар заманауи медианы меңгеру қабілеттерін көрсетіп, креативтері бейнеролик дайындаумен жарысқа түсті.

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасының шешімімен Өнер факультетінің намысын қорғаған Бағдат Темірлан мен

Еңлік Жалмағанбет бас жүлдені иеленді. Екінші орын Дене шынықтыру мен алғашқы әскери дайындық факультетінен Инжу Садакбаева және Мұхаммедхан Сайдбатталға бұйырды. Ал үшінші орынды Математика, физика және информатика факультетінен Бекдаулет Махсатулы мен Жексенбек Ай-ару қанжығалады. Жеңімпаз атанған үздік үштікке арнайы дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табысталды.

Сонымен қатар, қатысушылардың өзіндік ерекшеліктері мен таланттарын ескере отырып, арнайы номинациялар берілді. «Саналы ұрпақ» номинациясын Филология факультетінің студенттері Ақниет Бақытжанқызы және Асылжан Туласкар иеленді. Ал, «Мәдени мұра ұстанушы» номинациясымен Педагогика және психология факультетінің намысын қорғаған Мадияр Кеулимжаев пен Акерке Қасымхан марапатталды. «Абай үмігі» номинациясын Жаратылыстану және география факультетінің қатысушылары Лиана Пак пен Ильхам Жапаров қанжығасына байлады. Ал, Әлем тілдері факультетінің білім алушылары Саят Сайдр мен Жанель Есбосынқызы «Көрермен көзайымына» лайық деп танылды. Сорбонна-Қазақстан институтынан Айгуль Латыпова және Бақдаулет Жарқын «Айрықша өнерлі жұп» атанды.

Айзере ШЫНАТ



«Үздік студент – 2026»

Педагогика және психология факультетінде дәстүрлі «Үздік студент – 2026» байқауының финалдық кезеңі өтті. Бес жылдан бері тұрақты ұйымдастырылып келе жатқан бұл жоба – білім мен білікті, талап пен талантты таразылайтын мазмұнды дода.

Биылғы байқаудың финалына академиялық үлгерімі жоғары, қоғамдық-әлеуметтік іс-шараларда белсенділік танытып жүрген 11 студент жолдама алды. Қатысушылар өз білімін ғана емес, ой-өрісін, көшбасшылық қабілетін және шығармашылық ізденісін көпшілік алдында дәлелдеуге тырысты.

Салтанатты жиында Ғылым департаментінің директоры Марфуға Абсатова мен Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Жанна Жусупова қатысушыларға сәттілік тілеп, байқаудың маңыздылығына тоқталды.



Байқау мазмұны жағынан бірін-бірі толықтыратын үш кезеңнен тұрды. Алғашқы «I'm the best» тұлғалық таныстырылым кезеңінде қатысушылар өздерін жан-жақты таныстырып, өмірлік ұстанымдары мен мақсаттарын ортаға салды. Әр студент сахна мәдениеті мен сөз саптау шеберлігі арқылы жеке даралығын көрсетуге ұмтылды.

Екінші кезең – талапкерлердің арнайы авторлық жобасын қорғау. Бұл кезеңде қатысушылар педагогика және психология саласындағы өзекті мәселелерді көтеріп, нақты ұсыныстар жасады. Тұлғалық мазасыздық, студенттердің психологиялық күйзелісі, инклюзивті білім беру, арнайы білім беру бағыттары мен денсаулыққа қатысты зерттеулер кенінен қамтылды. Қатысушылар заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, өз жобаларын ғылыми негізде қорғап шықты.

Шешуші кезең – «Сен білесің бе?» интеллектуалды сайысы болды. Бұл бөлімде қатысушылардың білім деңгейі мен ойлау жылдамдығы сынға түсті. Сұрақтар университет тарихы, педагогика саласы, ұлттық құндылықтар және Ыбырай Алтынсарин мұрасы, сондай-ақ Тәуелсіздіктің 35 жылдығы тақырыптарын қамтыды.

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасының шешімімен I орынға Динара Муслюманова, II орынға Балнур Баратова, III орынға Дінмұхаммед Сатымов ие болды.

Жеңімпаздар арнайы дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Барлық кезеңдердің нәтижесі студенттердің білім деңгейі мен зияткерлік әлеуетін ғана емес, олардың азаматтық ұстанымын, шығармашылық ізденісін және кәсіби бағыттағы дайындығын да айқын көрсетті.

«Abai University» медиа орталығы

#seriktin_photosy

«Abai University» аруы



Айнөркем Асылханқызы,
Жаратылыстану
факультетінің
2-курс студенті

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
«ABAI UNIVERSITY»
МЕДИА ОРТАЛЫҒЫ

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.01.2009 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №9874-Г куәлігі берілген

Бас редактор
Болат ШАРАХЫМБАЙ
Көркемдеп беттеуші
Нұржан МӘДЕЛХАН
Фототілші
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның мекен-жайы:
050010
Алматы қаласы,
Достық даңғылы 13
519-кеңсе
Байланыс тел: 8 (727) 293-86-38
Газет бүкіл республикаға тарайды

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.
Жазылу индексі: 65285
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №224

Газет 050010 Алматы қаласы,
Қазыбек би көшесі, 30-үй,
«Ұлағат» баспасының
баспаханасында басылды

Баспа директоры
Нұрлан БАЛЫҚОВ